

- 3 Манфред А.З. Наполеон Бонапарт. М., 1986.
- 4 Верне Г. История Наполеона. М., 1997.
- 5 Нерсесов Я. Н. Маршалы Наполеона Бонапарта. М., 2012.
- 6 Соколов О.В. Армия Наполеона. С-Пб, 1999.
- 7 Фролов Б.П. Военные противники России. М., 2008.
- 8 Марбо Жан- Батист Мемуары генерала барона де Марбо. М., 2005.
- 9 Троицкий Н.А. 1812 великий год России. М., 2007.

## **ҚЫТАЙДЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ**

Рүстемұлы М.

Ғылыми жетекшісі: PhD, қауымдастырылған профессор С.Б.Стамбулов  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
[rustemulym@mail.ru](mailto:rustemulym@mail.ru)

Орталық Азия – бұл өзінің құрылымы жағынан Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан және Өзбекстан мемлекеттерінен тұратын жаңа геосаяси аймақ блып табылады. Кеңес Одағының құлауынан кейін және тәуелсіз мемлекеттердің құрылуынан соң орталық-азия аймағы әлемдік және аймақтық державалардың (Ресей Федерациясы, АҚШ, Еуропалық Одақ мемлекеттері, Қытай халық республикасы, Үндістан, Иран, Пәкістан және Түркия) қызығушылықтарының объектісіне айналды.

Орталық Азиядағы Қытайдың қызығушылығы бәрінен бұрын оның бес мемлекеттің ішінде үшеуімен – Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстанмен мемлекеттік шекараға ие болуымен анықталады.

Қытай Халық Республикасы – қарқынды дамып жатқан мемлекеттердің бірі және осының арқасында әлемдік саяси өзгерістерді анықтап отыр. Соңғы жылдардағы Қытайдың қарқынды экономикалық дамуы оның әлемдік қауымдастықтағы рөлі мен ықпалын жоғарлатып, аймақтық тәртіптердің кейбір параметрлеріне әсер етуін қамтамасыз етіп берді.

Геосаяси тұрғыдан Қытай үшін оның шеткері көршілес мемлекеттері маңызды рөл атқарады. Сондықтан, сыртқы саясаттың мақсаты мен механизмдерін өңдеу барысында Қытайдың халықаралық аренадағы стратегиясында шеткері (периферия) дипломатия ХХІ ғасырдағы қытайлық сыртқы саясаттың басым бағыттарының бірі болып саналады.

Орталық Азия мемлекеттері ҚХР-ның маңызды көршілес аймағы болып табылады. Сондықтан, Орталық Азиядағы Қытайдың саясаты оның жалпы сыртқы саяси стратегиясының құрамдас бөлігі болып саналады және аймақтағы ерекше қызығушылықтарымен анықталады. Сондықтан, Қытай достық және бейбіт ортаны құруға ұмтылып, аймақ мемлекеттерімен өзінің қарым-қатынастарын дамытты. Осының арқасында, қазргі уақытта Қытай орталық-азия мемлекеттерінің сыртқы саяси және сауда-экономикалық қатынастарында басым серіктесі болып отыр.

Осымен бірге, Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) ҚХР мен Орталық Азия мемлекеттерінің арасындағы екіжақты және көпжақты саяси, экономикалық және мәдени ынтымақтастықты дамытудың басты инструменті ретінде қолданылып отыр. Осымен бірге, ШЫҰ жаһандық және аймақтық мәселелерді талқылаудың алаңына айналып отыр.

2012 ж. қарашада ҚКП Орталық Комитетінің пленумында Бас хатшы болып сайланған, ал 2013 ж.наурызда Жалпы қытайлық халық өкілдері жиналысының Төрағасы ретінде Си Цзиньпиннің билікке келуі және оның 2017 ж.қазанда ҚКП-ның Бас хатшысы болып қайта сайлануы Қытайдың сыртқы әлеммен қарым-қатынастарының жаңа үлгісін іздестірумен қатар жүрді. Си Цзиньпин қытайлық сыртқы саясатқа төрт идеяны, атап айтқанда ұлы державалар қатынастарының жаңа типі, қытайлық ерекшелікке ие ұлы держава

саясаты, бірінғай тағдырға ие жаһандық қоғам құру және халықаралық қатынастардың жаңа типі идеяларын енгізді. Қытайдың «Жібек Жолының Экономикалық белдеуі» бастамасы Еуразия континентінің экономикалық дамуының қозғаушы күші болып отыр. Оның мақсаты – саяси координация, инфрақұрылым байланысы, сауданы либерализациялау, капиталдың еркін қозғалысы және халықтар арасындағы өзара түсіністікті дамыту болып табылады.

Бұл бастаманың шеңберіндегі алғашқы жоспарлар экономикалық ынтымақтастықты дамыту үшін өзара байланысқан транспорттық инфрақұрылымдық дәліздерді құруды қамтиды және бұл бастаманы жүзеге асыру барысында Орталық Азия аймағы бірінші станция ретінде қарастырылып жатыр.

Осымен бірге, Орталық Азия маңызды халықаралық ойыншылар мүдделерінің тоғысқан аймағы және интеграциялық бірлестіктер мен жобаларды өрістету зонсы болып табылады. 2015 ж. мамырда Ресей мен Қытай басшыларының Еуразиялық экономикалық одақ пен «Жібек Жолының Экономикалық белдеуі» бастамасын түйіндестіру жөніндегі ынтымақтастық туралы мәлімдемелері екі мемлекеттің де Орталық Азиядағы өздерінің мүдделерін келістіруге (сәйкестендіруге) деген ұмтылысын дәлелдеп беріп отыр.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, ХХІ ғасырдағы аймақтық және жаһандық жағдайларды Қытайдың Орталық Азиядағы саясатының қалыптасу және даму үрдісін зерттеудің теориялық және тәжірибелік жағынан өзектілігі жоғары.

ҚХР үшін Орталық Азия аймағы өзінің геосаяси жағдайына, айтарлықтай әрқелкі табиғи ресурстар қорының бар болуына байланысты үлкен қызығушылық танытады және аталған аймақ қытай тауарлары үшін болашағы бар нарық көзі болып саналады. Қазіргі кезеңде Орталық Азия мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастардың дамуы оң динамикаға ие және ҚХР ытымақтстық бағыттарының кең спектрі бойынша аймақтың негізгі серіктестерінің бірі болып саналады.

Посткеңестік кеңістік бірқатар мемлекеттер үшін, соның ішінде көршілес мемлекеттермен қоса аймақтан тыс орналасқан мемлекеттер үшін геостратегиялық қызығушылыққа ие. Осы тұрғыдан алғанда, өзінің шекарасында бірнеше тәуелсіз мемлекеттер пайда болған Қытай Халық Республикасы жаңа тарихи жағдайға тап болды. Әлемдік аренадағы Қытайдың экономикалық ұстанымдарының нығаюы ҚХР-ын жаңа шикізат және өтім нарықтарын іздестіруге итермеледі. Сондықтан, Қытайдың посткеңестік кеңістікке, соның ішінде Орталық Азияға деген қызығушылығы заңды құбылыс болды.

Қытайдың Орталық Азияға қызығушылық танытуының себептерін келесі жағдайлармен анықтауға болады:

- 1) Орталық Еуразиядағы жағдайға кең түрде бақылауға ие болу, себебі Орталық Азия аймағының геосаяси артықшылығы Қытайдың Таяу Шығысқа, Оңтүстік Азия мен Кавказға ықпалын таратуға және Ауғанстандағы жағдайға бақылау орнатуға мүмкіндік береді;
- 2) Әсте-ақырын АҚШ-ты Азия континентінен шығару;
- 3) Экономика саласын дамыту үшін географиялық кеңістікті ұлғайту, посткеңестік кеңістіктің нарығынқытау тауарлары үшін қол жетімді ету;
- 4) Жаңа энергетикалық шикізатқа ие болу, стратегиялық маңызы бар табиғи ресурстарға қол жеткізу.

Қытайдың Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынас орнатуға деген қызығушылығы барлық посткеңестік кезең барысында байқалады. «Шанхай бестігінің», одан соң Шанхай ынтымақтастық ұйымының пайда болуы Орталық Азия мемлекеттері мен Қытайдың қауіпсіздік саласы мен терроризммен күресу бойынша ынтымақтастықты қамтамасыз етті. Соңынан, «Бір жол – бір белдеу» бастамасы аймақтағы Қытайдың барлық экономикалық және инфрақұрылымдық жобаларын бір «шатырдың» астына біріктіруге мүмкіндік берді.

АҚШ-тың Орталық Азия аймағына деген қызығушылығының өсуі және 2015 ж. қыркүйекте «С5+1» (Орталық Азия және АҚШ диалогының жаңа форматы) 2020 ж. «С+С5»

(Қытай және Орталық Азия мемлекеттері) диалогының пайда болуының бірден-бір себебіне айналды. Қытайда «С+С5» форматындағы бірінші кездесу барысында аталған диалогтың пайда болуын жаһандық экономикалық орталықтың Азияға ауысқанымен және әлемдік саясатта Орталық Азия аймағы маңыздылығының өсуімен түсіндіреді.

Қытай Орталық Азия мемлекеттерімен мұнай мен газды өндіру, өңдеу және транспорттау, осымен қатар энергетика, құрылыс, машина жасау мен ауылшаруашылығы, транспорттық-логистика инфоқұрылымы салалары бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыруда.

Мысалы, мұнай-газ саласы бойынша Орталық Азия мемлекеттерімен бірлесен ірі жобалардың бірі – Қазақстан және Қытай мұнай құбырының құрылысы саналады. «Атасу — Алашанькоу» мұнай құбыры 2005 ж. жұмысқа қосылды және оның ұзындығы 965,1 км.құрап, жобаның қуаты жылына 20 млн.тоннаны құрады. Батыс Қазақстан мен Ақтөбе облысынан Қытайға нарығына баратын мұнайды қамтамасыз ету үшін 2009 ж. ұзындығы 794 км.құрайтын және қуаты жылына 20 млн.тонна мұнайды шығаратын «Кенкияк-Құмкөл» мұнай құбыры салынды. Қазіргі уақытта аталған мұнай құбыралының қуатын арттыру шаралары бойынша жұмыс атқарылып жатыр. 2019 ж. Қазақстаннан Қытайға экспортталатын мұнайдың көлемі 10,88 млн. т.құрады, ал мұнай экспортының ең жоғарғы шыңы 2013 ж. 11,3 млн т.құраған болатын [1].

2019 ж. қорытындылары бойынша Қытай мен Орталық Азия мемлекеттерінің сыртқы сауда айналымының көлемі 46,3 млрд долларды құраған. Оның ішінде Қытайдың Қазақстанмен сауда айналымы — 22,0 млрд дол. (0,48 %), Түркменстанмен — 9,1 млрд дол. (0,20 %), Өзбекстанмен — 7,2 млрд дол. (0,16 %), Қырғызстанмен — 6,3 млрд дол. (0,14 %), Тәжікстанмен — 1,7 млрд дол. (0,04 %) құраған [2].

2014-2019 жж. Қытай және Орталық Азия мемлекеттерінің сыртқы сауда айналымы (млрд.доллар)

Мемлекет	2014	2015	2016	2017	2018	2019
Қазақстан	22,4	14,3	13,1	18,0	19,9	22,0
Түркменстан	10,5	8,6	5,9	6,9	8,4	9,1
Өзбекстан	4,3	3,5	3,6	4,2	6,3	7,2
Қырғызстан	5,3	4,3	5,7	5,4	5,6	6,3
Тәжікстан	2,5	1,8	1,8	1,4	1,5	1,7
Басқалар	4 258,0	3 924,3	3 655,5	4 068,5	4 581,3	4 529,8
<i>Барлығы</i>	4 303,0	3 956,9	3 685,6	4 104,5	4 623,0	4 576,1

Дерек: Данные китайской таможни // <http://customs.gov.cn>.

Қытайдың Орталық Азия мемлекеттерімен сауда-экономикалық ынтымақтастығының даму динамикасын ескере отырып, Қытайдың Орталық Азия аймағындағы ықпалы тек қана өседі деген тұжырым шығаруға болады. ҚХР-ның Орталық Азиядағы саясаты бәрінен бұрын экономикалық қызығушылықтарды, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасызетуді және аймақтың транзиттік қуатын пайдалануды көздейді.

Коронавирус пандемиясының аяқтлуынан соң Қытайдың Орталық Азиядағы ықпалы саяси және экономикалық салаларда өсуі мүмкін. Әлемдік экономиканың құлдырауы жағдайында Қытай ірі инвестицияларды салуға қаблетті аз мемлекеттердің бірі болуы мүмкін.

#### Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Сыроежкин К.Л. Проект «Экономический пояс Шёлкового пути» в сложном пространстве Центральной Азии / Сыроежкин К.Л. // Контуры глобальных трансформаций. – 2016. – №6. – С.104-121.
- 2 Строительство магистрального газопровода «Казахстан — Китай» [Электронный ресурс] – Режим доступа: // [http://agp.com.kz/?page\\_id=1313](http://agp.com.kz/?page_id=1313).